Карлаг - қазақтың қасіреті

Долинка кентіндегі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау» мұражайының директоры Жазира Кулбаевамен сұхбат

- Жазира Тайтөлеуқызы, міне, бүгінде бүкіл әлем «Халықаралық мұражайлар күнін» атап өтіп жатыр. Алда өлімізде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» келе жатыр. Осы естелік даталарға қандай қам жасап жатырсыздар?

- Мұражай дегеніміз тек тарихи, мәдени ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу орталығы. Халықаралық тәжірибеде, мәселен Америкада Мұражайлар кеңесі 1946 жылдан бар. Мұражайлар кеңесі (ИКОН) Ресейде 1977 жылдан бастап жұмыс істейді. Осы жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен 18 мамыр -Халықаралық мұражай күні деп белгіленді. ЮНЕСКО Жарғысында мұражайлардың мақсат-міндеттері айқындалған. Онда: «Мұражай - әлем халықтарының мәдени байланыс, өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық құралы» делінген.

Осыған орай біздің мұражайда Карлаг тарихына қатысты жаңа экспозиция жасалып, жаңа монография шығарылып жатыр. Негізіне, Карлаг тарихы, саяси қуғын-сүргін тарихы түбегейлі зерттелмеген, көп сыры әлі толық ашыла қоймаған . Ең бірінші рет Карлагқа қатысты тарих ғылымдарының докторы Дүйсетай Шаймұханов ағамыз 1998 жылы алғашқы зерттеу еңбегін шығарды. Сол кісінің еңбегінен кейін, міне, әлі күнге дейін бұл тақырыпқа толымды бір монография жазылған жоқ. Сондықтан, біз Қарағанды ғалымдарымен бірлесе отырып, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына тарту ретінде осындай үлкен бір монография жазып жатырмыз. Бұл қызыл империяның зұлмат машинасының доңғалағына тапталған ТМД халықтарына арналған құнды тарихи еңбек болғалы тұр. Осы істе Карлаггы көп зерттеген ғалым ағамыз Дүйсетай Шаймұхановтың, әке жолын жалғастырушы тар. ғ.к, профессор Сәуле Шаймұханованың, тар.ғ.к Света Елеуханованың еңбектеріне сүйендік.

Жасыратыны жоқ, бұған дейін жалғыз Карлаг тарихы ғана емес, жалпы қазақ тарихы орыстың оқымыстылары арқылы жазылып келді. Онда бұра тартушылық көп. Осы жерде А.Байтұрсыновтан мына сөзі еске келіп отыр: «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның - атасы» деген екен, яғни өткенсіз болашақ жасалмайды. Ендеше, біз қазір Тәуелсіз еліміздің тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан қайтадан ой елегінен өткізіп, кешегі қызыл саясат кезіндегі ақтаңдақтардың бетін ашып, мұражай экспозициясында шынайы тарихты көрсету - басты мақсатымыз. Сол арқылы халықтың санасын оятып, жастардың бойында патриоттық сезімді сіңіру.

- Тарихтың жөні бір басқа да, оны экспозицияда көрсету, келушілерге жеткізе білу бір басқа. Осының шешімін қалай таптыңыздар?

- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайы ең алғаш 2002 жылы Президент Н.Назарбаевтың тапсырмасымен бұрынғы Карлаг басқармасының ауруханасының ғимаратында ашылған еді. 2008 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Карлаг басқармасының бас әкімшілік ғимаратында реставрациялық жұмыстар басталып, 2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасына орай ол күрделі жөндеуден өткізіліп, мұражай үйі толықтай сонда көшірілді. Екі қабатты ғимарат жертөлесімен бірге 1933-35 жылдары тұтқындардың күшімен салынған. Мұражайдың аумағы 3326 ш.м, 13 экспозициялық залдан тұрады. Онда Карлагтың құрылу тарихынан бастап Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі күндеріне дейінгі тарих тұтас қамтылған.

Мұражайдың күрделі жөндеуден кейін қайта ашылуы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына сай келіп отыр. Осыған орай өзімізге артылған барлық жауапкершілікті сезіне отырып, қазақ тарихын зерттеп-зерделеп көрсету үшін, ең алдымен отандық тарихшылардың, жергілікті ғалымдардың еңбектеріне сүйендік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын көп ақтарыстық. Жаңа айттық, Карлаг тарихы негізінен тоталитарлық жүйенің көзқарасымен зерттелген, кеңес ғалымдарының әуейімен жазылған. Сондықтан, төл тарихымызды жаңаша қарастырудың маңыздылығын түсіндік.

60-80 жылдар аралығында Карлагқа қатысты көпшілік құжаттарды Мәскеу мен Ленинградтан, Ресейдің басқа өңірлерінен келген зерттеушілері алып кеткен. Біз зерттеу жұмыстарын ең алдымен елде - Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Балқаш мұрағаттарында жүргіздік. Бірақ, қолда бар мұрағаттың әлі де жетпей жатқандығын ескеріп, мәдениет басқармасының қолдауымен Мәскеу, Санкт-Петербор, Омбы мұрағаттарына сапарлап шығып дерек жинадық. Осының арқасында мұражай экспозициясын, қорын жаңа артефактермен толықтыру мақсатында еліміздің ғылыми-зерттеу институттарында, облыстық, республикалық және ресейлік мұрағаттарында кең көлемді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде 10 мыңнан астам жәдігер жинапды.

- Экспозиция жасауда қандай жаңашылдық идеялар, тың шешімдер қолдандыңыздар? Мұражай жүйесін жетілдіру туралы не айтасыз?

- XXI ғасыр - ғылым ғасыры. Сондықтан, экспозицияны жасау кезінде қазіргі заманның озық үлгілерін кеңінен енгіздік. Оған ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалана отырып жасалды, әрбір зал мультимедиалық анимациялық құрылымдармен, инсталяциялық көрнекіліктермен жабдықталды. Мұндағы әрбір жәдігер, құжат-қағаз «сөйлеп» тұруы тиіс. Мәселен, Карлагтың құрылуы залын алайық, бұл 1928 жылдан басталады, келушілер экспозицияны арапай жүріп залда сол кезеңнің музыкасын ести алады. Ал «Өйелдер мен балалар» залында әйелдердің айғайы, балалардың жылауы, бәрі сол күйінде естіпеді. Мұражай 14 залдан тұрады, оның әрқайсы өзіне тән бейне, фото көрнекіліктермен, музыкамен әспеттелген. Әзірше, ол жайында айтпай-ақ қояйық, тек бір анығы - келушілер оны өз көздерімен көріп, сол замандардың жан түршігерлік оқиғаларын жан-тәнімен сезіне алатыны сөзсіз.

Жалпы, былайғы адам экспозицияны көрме деп түсінуі мүмкін. Экспозиция он жылға, жиырма жылға жасалынады. Бұл тұрақты, стационарлық деген сөз. Ал, көрме, бір аптаға, бір айға, әрі кетсе алты айға дейін белгілі бір тақырыпқа орайластыруы мүмкін. Мұны да біле кеткендеріңіз жөн. Экспозицияның көркемдеу концепциясын Алматының «Алматы көркем» ЖШС суретшілері жасады. Оның экспозициясын жасауды алғаш болып елімізге танымал шебер, дизайнер маман марқұм Нағашыбек Мырзаханұлы қолға алып еді. Ол кісі кенеттен қайтыс болып, қазір бұл істі ұлы Мұхамбет жалғастырып отыр. Республикалық деңгейде ашылып отырған мұражай облыс әкімдігінің, мәдениет басқармасының қолдауымен жұмыс істейді. Мұрағаттық құжаттарды алуға «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы көп көмек көрсетті.

- Көңестер заманында Тәуелсіздік үшін қаншама ұлт зиялылары опат болды. Әсіресе, Алаш арыстарының азаттық жолындағы күрес тарихын бөле-жара қараған маңызды. Мұражайда экспозициясында олар туралы қандай мағлұматтар бердіңіздер?

- XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының азаматтық, интеллектуалдық деңгейі аса жоғары болғаны жалпыға мәлім. 20 жылдардан бастапған қуғын-сүргін ұлт зиялыларының басына түскен үлкен нәубет болды. Алаштың аяулы азаматтарының ішінен ең алғаш 1929 жылы Ж.Аймауытов «халық жауы» деп ұсталып, 1930-шы жылы атылды. Тарихшылардың айтуынша, кеңес үкіметі төрт мыңнан астам «алашшылдардың» бірін қалдырмай өлім жазасына кескен. Қазақ халқының маңдайына біткен асыл азаматтары толығымен 1937-1938 ж.ж түгелдей атылды. Тек, атудан аман қапған Ә.Ермеков пен М.Әуезов қана дейді. Әлімхан 1930-1950 ж.ж аралығында 3 рет сотталып, өмірінің 18-жылын түрмеде өткізді. Жалғыз осы фактінің өзінен-ақ кеңестердің «Алаш» партиясынан, қазақ зиялыларынан қапай қорыққанын, бірінші кезекте олардың бірін қалдырмай көзін жоюды мақсат еткенін көреміз. Қалайша мұндай азаматтарды экспозицияда көрсетпеске, ол кісілерге арнап үлкен біз залда көрме жасалды.

Елім деп еңіреп өткен, халқы үшін жанын аямаған, бостандық, тәуелсіздік жолында қатер мен азапқа төзе білген Алаштың айбынды арыстарын ардақ тұтып, қастерлеу баршамыздың парызымыз.

- Карлаг басқармасының бас әкімшілік ғимараты орналасқан Долинка кентінің бұрынғы атауы Қоңыр төбе еді ғой. Ішкі Ресейден қарашекпендер келгенге дейін бұл мекен қазақтардың байырғы ата қонысы болғантын. Осы жайында не айтасыз?

- XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Ресейде Столыпин реформасының қызу жүргізілуіне байланысты қоныстанушылар Қазақстан, Украина, Белоруссия, Кавказ аймақтарына жаппай көшіріле бастады. Патшалық өкімет оларға барынша көмектесіп бақты. Соның салдарынан қазақтарды ата-баба қонысы болған ең бір шұрайлы жерлерден ығыстырып, ол жерлерге келімсектерді жайғастырды. Осы саясаттың салдарынан 1906-07 жылдары мұнда орыс, украин, немістер көшіп келіп қоныстана бастады. Өйтпесе, қазақтың жеке-дара жаз жайлап, қыс көшіп жүрген атамекен даласы-тұғын. 1909 жылы патша үкіметінің Ақмола басқармасының қаулысымен оған кент әкімшілік бірлігі берілді.

Сталиннің орталығы Долинка кентіне орналасқан Карлаг басқармасын (Қарағанды жеке еңбекпен түзету лагері) құру туралы 1931 жылғы қаулысы шыққанға дейін бұл өңірді 4 мың түтін, яғни бала-шағасымен қоса есептегенде 80 мың қазақ қоныстанып отырған. Оған қоса 1200-дей орыс, украин, неміс ұлтының азаматтары өмір сүріп жатты. НКВД әскерінің күшімен олардың бәрін үдере көшірді. Өзге ұлт өкілдері негізінен Тельман, Осакаров, Нұра аудандарына қоныс аударып кетті. Бұл көш әсіресе, қазақтарға аса ауыр тиді. Жергілікті халықты ата қоныстан айырғаны аздай, бай деп, кулак деп олардың алдарындағы ақ адал малдарын жаппай тәркілеуге кірісті. Тартып алынған малды Карлаг жанынан ашылған «Гигант» кеңшарының «Восток-мясо» шаруашылығына тапсырды. Жергілікті жұрттан босаған жерлерге жазалау лагерьлерін орналастырды. Сотталғандар күн-түн демей жұмыс істеп, шойын жол салды, барактар, мал қораларын, казармалар, қызыл командирлерге арнап үйлер тұрғызды. Құрылыс үшін бұрынғы үй-жайларды, тіпті қазақ бейіттерін бұзып кірпіштерін пайдаланды. Мәселен, Жаңаарқа райком партиясының хатшысы Ж.Сүлейменовтің Қарағанды обком партиясының бірінші хатшысы Галайдинге жазған хатында былай дейді: «Аудан аумағындағы Ортау, Алғабас, Жайдақ шатқалдарында Карлаг бөлімшелерін ашу кезінде лагерь жұмысшыларының қазақтың атақты адамдарының бейіттерін қирату фактілері аз емес. Соның бірі атақты Жидебай батырдың ұлы Сыздықтың моласы бұзылған, тағы оншақты моланың быт-шытын шығарып, атқораға айналдырып жіберген».

Карлаг басқармасының әкімшілік орталығы Долинка кентінде орналасқанымен, оған қарасты лагерьлер ұзындығы мен көлденеңі 300х200 шақырымды алып жатқан Орталық Қазақстанның аумағын тұтас қамтыды. Бұл қазіргі Франция мемлекетінің аумағынан үлкен. Мұнан басқа Карлагтың орталығынан 350 шақырым қашықтықта жатқан Ақмола және 650 шақырым қашықтықта орналасқан Балқаш бөлімшелері жұмыс істеді. Карлаг құрудағы басты мақсат Орталық Қазақстан аумағында қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіп өндірістері - Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған, Балқаш мыс балқыту комбинаттары үшін азық-түліктік белдеуді қапыптастыру болатын. Сондай-ақ, осы өндіріс ошақтары үшін соттапғандардың тегін жұмыс күшін пайдапану мақсаты да бірінші кезекте тұрды. Құл күші Сталиннің «бақытты социализм» құру жоспарын жүзеге асыру үшін өте қажет болды. Жалпы, қазақ жерінде Карлағқа басқармасының бағыныштылығында 26 бөлімше, 192 лагерь болған. Әр бөлімшенің өзіндік шаруашылық құрылымдары, бақша участоктері, мал фермалары, егістік алқаптары жұмыс істеген. Басқасын былай қойғанда тек мал фермаларының өзінің саны 106-ға жеткен. Ресейден әкелген мал жоқ, мұның бәрі қазақ халқынан тартып алынған ақтылы малы екені айтпаса да түсінікті. Карлаг республика басшылығына бағынбады, тек тікелей Мәскеуге, ГУЛАГ-қа ғана тәуелді еді. Оның өз ішкі әскерлері, телеграф-пошта байланысы, дербес шаруашылық жүйесі болды. Бір сөзбен айтқанда мемлекет ішіндегі мемлекет еді.

- Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Дәулетқали АСАУОВ.

Р3. ***Сөз соңы. Мемлекетіміздің жер-су атауларын қазақтандыру саясатына байланысты Долинка кентінің байырғы Қоңыр төбе атауы өзіне қайтарылса, бұл бүгінгі ұрпақтың сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған аруақтарға арнаған бір тағзымы болар еді. Әрі Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай жасалған тамаша тарту емес пе!***